

АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ "ТӘУБЕ" КАТЕГОРИЯСЫ

*Абдильдина Х.С., Садыкова Т.М.,
Гаппасова А.Г.*

Аннотация

Мақалада хакім Абай дүниетанымындағы «тәубе» категориясы қарастырылады. Тәубе түсінігін Абай пенденің өз күнәлары үшін өкініп, Алла тағаладан кешірім сұрауы деп біледі. Дүниенің жалғандығын, бір күндігін сездіретін басты ұғым – тәубешілікке келу деп қарайды. Тәубеге келу шарттары көрсетіледі. Адамзаттың бәрін бауырым деп сүю туралы қағидасынан, жүрегінің тереңіндегі әділет пен шапқаттан, рақымнан көз жазбады. Сондықтан Абай айтқан қағидалар, тұжырымдар, ойлар мен пікірлер Абайдың имандай шыны, жан ақиқаты, жүрек сыры деп таныған парыз деп тану керек.

Кілт сөздер: тәубе, пенде, кісілік, хақ, тәңір

Абайдың адам болмысы, адам өмірінің мәні туралы ойларының мазмұны бай, мағынасы терең. Абайдың Жаратушы мен жаратылыс жайлы, адам туралы, адамның Аллаға қатысы, Алланың адамға қатысы, адамның өзін-өзі тануы туралы ойлары біршама зерттелген. Абайдың мұрасында ақынның рухани әлемінің бай қазынасы көрініс тапқан. Оның қадірі мен қасиетін халықтың дәстүрлі мәдениеті, байырғы дүниетанымы өзегіндегі құндылықтар аясында ғана пайымдауға болады. Сүйенген, сенген дәурен жалған болса, Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл, – деген сөзді қандай жан, қандай адам айтуы мүмкін екенін ақыл тоқтатқан кісі ішпен ғана білмек. "Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және мал мен басты көбейту ғана",

"алданыштың ғана нәрсесі". Адам баласының оған мойын бұрмай, алданбай өтуі қиын. Алланың адамдарға арнап айтқан мынадай бір сөзі бар: "Сендерден тозаққа кірмейтін ешкім болмайды" [1. 47 б.]. Осы аяттың мәнін жете түсінген ақыл-ой иесі, парасатты жан ақырын ойламай тұра алмайды. Өйткені дүниауи дәуренге сүйенбеген, сенбеген, оның қызығына қызықпаған жан өте сирек. Солай дегенмен осы дәуреннің жалғандығы туралы ойға тоқтаған, соған сенген күйін мынадай өлең жолдарымен білдіріп отырған адамның сенімі берік, танымы терең екендігіне шәк келтіруге болмайды. Турасын айтқанда, ақынның осы сөзі – дүниауи тіршіліктің баянсыздығын, жалғандығын анық сезінген, жалғаны жоқ жалғыз Жаратқанның өзі ғана екеніне иланған, иман

келтірген көңілдің сөзі. Бұл жерде ақынның сезінуі, илануы, иман келтіруі жайында ғана айтып, сонымен тоқтау жеткіліксіз. Ақынның бұл сөзін иман келтірген жанның өзі «сүйенген, сенген дәуренде» біліп, білмей жасаған теріс істері үшін Жаратушыдан жалбарынып кешірім сұрауы, көңілін аршуы, тәубе қылуы деп қабылдауға тура келеді. Жаратқан пенделеріне: "Аллаға шынайы тәубе қылыңдар" (Құран: 66:8; 11:3; 24:31), – деп жарлық берген. Оны орындау, оған мойынсұну, тәубеге келу – иман жолындағы әрбір адамның міндеті. Пайғамбарымыз үмбеттерін осы жарлықты орындауға, Аллаға құлшылық қылуға шақыра отырып, өзінің күніне Аллаға жетпістен аса жалбарынып тәубе қылатынын айтқан (әл-Бұхари).

Құранда: "Алла тағала тәубе еткендерді жақсы көреді", – деген [1, 48 б.]. Ал ардақты Пайғамбарымыз (с.а.с.) хадисінде: "Кімде-кім күн батыстан шықпас бұрын тәубе етсе, Алла тағала оның тәубесін қабыл етеді", – деген. Олай болса, тәубе дегеніміз не? Тәубе дегеніміз – пенденің өз күнәлары үшін өкініп, Алла тағаладан кешірім сұрауы. Яғни, кісі күнә жасап, бұрыс жолға қарай аяғы тайған кезде, дер кезінде өзін тоқтатып, жасаған ісіне өкініп, соны жан дүниесімен сезініп, Алла тағаладан кешірім сұрағанда, қайта дұрыс жолға бұрылады. Ал Ұлы Жаратушы иеміз жолдан шығып бара жатқан құлының қайта жөнін тапқанына қуанады. Жоғарыдағы аятта да осы меңзеліп тұр. Алла тағала өзінің шексіз мейірімімен

қиямет-қайымға дейін құлына осы дүниеде жасаған күнәларынан арылуы үшін тәубе жасауға мүмкіншілік береді. Тәубенің ең жақсысы, білместікпен немесе байқаусызда күнә жасап қойған кезде, кешіктірмей артынша тәубе ету. Себебі адамға өлім қай сәтте келетінін ешкім білмейді. Сондықтан тәубе етуге әрдайым асығу керек.

Жалпы тәубә, тәубе (араб) – шүкірлік, қанағат ету, кешірім сұрау деген мағынаны білдіреді. Абай өлеңдерінде: "Тәубә жоқ, дұға да жоқ, тентек бойда" – деген сөздер кездеседі.

Күнәсына өкініп, сол үшін Алла тағаладан кешірім сұрағанда, сол тәубенің қабыл болып, күнәның кешірілетіні жайлы хадистерде баяндалған. Мысалы бір хадисінде: «Күнәларың көкке жететіндей көп болса да, артынан тәубе етсеңдер, күнәларың кешіріледі», – деген.

Ал енді тәубенің қалай жасалатынына тоқталайық:

- Егер жасалған күнә кісі ақысына байланысты болса (Мысалы біреудің көңілін қалдырса, сыртынан ғайбаттаса, зиянын тигізсе, т.с.с.), онда алдымен сол кісіден кешірім сұрау керек.

- Қайтадан сол күнәні жасамауға белді бекем буу қажет.

- Жасалған күнәдан кейін мүмкіндігінше дереу тәубе жасауға талпынуы қажет.

- Тәубе жасау үшін сол күнәсына өкіне отырып, Жаратушы иеден кешірім сұрау қажет.

Абайдың жоғарыда берілген екі жол өлең сөзіне негіз болған құбылыстардың тобында

Құрандағы осы жарлықтың қуаты да бар. Олай емес деп айтудың жөні де, жолы да жоқ. Тәубеге келудің белгілі бір шарттары болады. Бүгінгілердің қайбірі тәубеге келген сыңайда біліп, білмей жасаған күнәлары үшін Алладан кешірім сұраған болады

Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.

Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың

Иманын түгел деуге аузым бармас, – деген өлең жолдарындағы ойларға сүйенген артық емес. Раббысынан бұ дүниеде ғана жақсылық сұрағандарға о дүниеде несібе жоқ [1, 35 б.]. Бұ дүниеге беріліп, оның қызығына батқан адамның жүрегінде Құдайдан қорқу дегеннің

"Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз жол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл –

Өзгесі Хаққа қол емес", [2, 86 б.] – деген қағида, сенім деңгейінде ұсынылған ойлардан ақынның рухани әлемінің нұры шалқиды. Осы тұрғыдан келгенде, ақынның тәубесі "ынталы жүректің", "шын көңілдің" тәубесі, "анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенген" тәубесі екеніне илануға болады. Бұл жерде тәубе етуші адамның ішкі күйінің мынадай сипатына назар аудару керек:

а) көңілге салмағы түскен күнәлі істі не қылықты жасаудан біржола тыйылу;

ә) көңілге салмағы түскен күнәлі ісі не қылығы үшін өкініп, Алладан жалбарынып кешірім сұрау;

б) Алла алдында күнәлі етер мұндай істі не қылықты бұдан былай ешуақытта да қайталамау

да, ізінше бұрынғы әдетіне басып, теріс істерін жалғастыра береді. Бұлардың дүние қызығына алаңдаған ала көңілінен шыққан сөздері Аллаға жететінін немесе жетсе, қабыл ететінін кесіп айту қиын. Осы ретте ақынның:

болмайтыны Пайғамбардың хадистерінде де айтылған. Осы ой автордың «Отыз төртінші сөзінде» де анық айтылған. Ақынның жалған мен бақи, иман туралы түсінігінің негізі тереңде. Кісінің тәубеге келуінің өзі осындай түсініктен басталады. Абайдың тәубесінің мазмұны, мағынасы кең.

туралы берік шешімге келу. Абайдың тәубасының мәні осындай. Тәубеге келудің кезі де болады. Көп адам кезін өткізіп алады. Абай кезін өткізбеген. Анығы, әрине, Алланың өзіне белгілі. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас", – дейді Абай. Ақынның осылай аталатын өлеңі абайтану ғылымында кең пайымдалды... Ақынның осы сөзінен метафоралық мағына іздеп, оның айтылуының себебі мен мақсатын Алладан алыстатып түсіндірудің де мәнісі болғаны рас. Қайсыбір пікірлердің негізінде Абайды Алладан алыстату оның ақындық даналығын аша түседі деген секілді қағиданың желісі жатты. Абайды Аллаға жақындату оны ақындықтан молдалыққа алып келетіні жайында да ойланушылар мен ой айтушылар

болды. Біздіңше, Абайды Алладан алыстатуға да, Абайды Аллаға жақындатуға да талпынбай, барды барынша бағалаған дұрыс. Егер Абай: "Иман деген – Алла тәбарака уатағаланың шәриксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа Һәр неге бізге пайғамбарымыз саллала Аллау Һалайһи уа саллам арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойынсұнып, инанмақ", – десе, одан астарлы мағына, басқа мазмұн іздеуге немесе бұл сөзді басқаша түсінуге, басқадай пайымдауға жол жоқ. Алла-тағаланың барына, "серіксіз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына" Алланың өзі, сонан соң періштелер мен ілім иелері куәлік берген. Иман туралы сөзінде Абай да осындай куәлік береді. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" дегенде де, ақын өзгенің емес, өз жүрегінің шынын айтып отыр, өзі іздеп тапқан ілімнің жарығын жаға отырып, өзгелердің жайын да ойлайды, өзін де ұмыт қалдырмайды. Ақынның мұнысы да Құран-кәрімге негізделген ұстаным екендігіне шәк келтіруге болмайды. Ақын айналасына Алланың өзінің де, сөзінің де растығын айтқанда, осыған өзінің тыңдаушыларын иландыруды, сөйтіп оларды жаман әдеттер, жөнсіз қылықтар, әділетсіз істер жасаудан тыюды көздегені анық. Аллаға иман келтіре отырып, жұртты жамандықтан сақтандыру, жақсылыққа шақыру, надандықтан кемелдікке бастау, өзінің білген білімін білмегендерге беру Абайдың шығармашылық мұратының, ақындық дүниетанымының, адамгершілік әлемінің берік негізі болып

табылады. Ал енді осы шығармашылық мұрат пен ақындық дүниетанымының, адамгершілік әлемнің берік негізі болып отырған ұстанымның өзінің түп төркініне үңілер болсақ, көрер көзге Құран кәрімнің үшінші сүресінің білім туралы аяты түсер еді: "...оны адамдарға түсіндіріңдер, жасырмаңдар" [1, 26 б.]. Адамның тапқан, алған, білген білімін өзгелерден жасырып қалуының, жұрттың игілігіне пайдаланбауының ауыртпалығы, жауапкершілігі болады [1, 30 б.]. Хақтың жолы осы. Хақтың жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыру туралы Құранда анық айтылған [1, 36 б.]. Пайғамбардың хадистерінде де осы аяттың мазмұны сақталған. Мұндай тағылымды, көпшілікке ғибратты ұстаздық іс адамның адамға, адамзатқа деген жанашырлығына, баянды да байсалды махаббатына негізделеді. Абайдың танымында кісі өзі сенбеген нәрсеге өзгені де сендіре алмақ емес. "Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?". Өзі сенбеген нәрсеге өзгені сендіруге талаптану адамның асылының емес, азғынының ісі болмақ. Ақылы толық кісі жақсылығына, игілігіне, ақиқатына өзінің көзі жетпеген сөздің ұшын ұстамайды, ондай сөзді басқаға да арнап айтпайды. Абайдың қалың елінің мінезін түземекті мақсат етіп, жас пен кәріні ғылым, әділет, шапқат жолына шақырған әр сөзінде өзі ақиқатына сенген шындық бар, онда әр адам үшін құнды мән бар, әр ойында барша адамзат үшін бағалы терең мағына бар. Ақын

халқының адам болам деген азаматтарының бес нәрседен қашық болып, бес нәрсеге асық болуын тілегенде де Ғұламаи Дауаниға көз жұмып ілесіп, еріп отырған жоқ. Ғұламаи Дауанидің ұсынып отырған ғибраты өзінің адамгершілік ұстанымдарымен мейлінше үндес, жақын келгендіктен, ақын оған ерекше мән береді. Ал осы ойлардың төркініне үңілсек, олардың бастауында Құранның, Пайғамбар хадистерінің, азаматтық ғылымда Аристотельдің, әл-Фарабидің қағидалары тұрғаны белгілі болады. Дауанидің еңбегінің түп бастауында Аристотельдің этикалық қағидалары тұрғаны анық. Бұл екеуінің арасында басқа да толып жатқан трактаттар бар. Агротехникалық студенттер арасында өткізген зерттеулерімізде де біз білім берудің әдістемелік аспектілерінің қырлары ғана емес, сонымен қатар, әрбір жастардың рухани және тәрбиелік мәні бар

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,

Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.

Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,

Өмір қайда, сен қайда, оны да ойлан.

Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ,

Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ

"Әсте өлмесін білгендей қылық қылған" [3, 36 б.] жандарға арналған насихат сөздің әр тармағында үлкен ой бар. "Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап, Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар", – дегендегі "тәнін асырау", "ертеңі жоқ", "бүгінге болған құмар" секілді ұғымдардың әрбірінде қатпарлы мағыналар қатары жатыр.

білімге бейімдеу, жастардың этикалық тәрбиесіне де көңіл аударылады [2].

Абай заманының адамдары таңертеңгісін көзін тырнап ашып тұрғанда, малдың қамын ойлап тұрды, күн батып, қараңғы түсіп, ұйқыға жатқанда, малдың қамын ойлап жатты:

а) "малдан басқа мұңы жоқ" болды, мұң-мұқтажының орны еш толмады;

ә) істеген ісі бітпеді;

б) жоғын таппады;

в) мұң-мұқтажының орны толатыны, ісінің бітетіні, жоғының табылатыны туралы үміті де жеткізбеді, жеткізер болмады. Сонда да алған бетінен қайтпады. Бір-бірімен алысты, жұлысты, айтысты, тартысты, алдасты, арбасты. Өмір осылай өтті. Ақынның шығармаларының дені адам бойындағы осындай көріксіз мінездерді сынап отырып, түзеуге арналған. Мына өлең жолдары да сондай мақсаттан туған:

Оларды толық түсіну тыңдаушының жалған мен бақи, өмірдің мәні мен мағынасы туралы дәстүрлі таным деңгейіне байланысты жүзеге аспақ. Өйткені осы жолдардағы ұғымдар түгелдей Құран қағидаларымен, Пайғамбар хадистерінің мазмұнымен сабақтасып жатыр. "Өлмек үшін туғансың" тұжырымы дүниауи

түсінікке жат секілді көрінуі мүмкін. Соған орай неше алуан пікірлер, ойлар, қисындар, тұжырымдар ұсынуға да мүмкіншіліктер бар. Дәстүрлі таным тұрғысынан келгенде, ақынның сөзінде де, ойында да ешқандай жаттық жоқ, ақынның сөзі рас, ойы да рас. Автор өзінің тыңдаушыларына осындай растығымен, осындай ақиқатымен, шындығымен ықпал етуге ниет еткен. Абай "Үшінші сөзінде" қазақтың әлеуметтік-психологиялық келбетін жасайды. Әуелі қазақ турасында жалпыға арнап, бірнеше сұраулы ой тастайды. Олардың жалпы сипаты мынадай болып келеді:

а) бірінің біріне қаскүнем болмағының себебі не?

ә) бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының себебі не?

б) рас сөзі аз болатұғынының себебі не?

в) қызметке таласқыш болатұғынының себебі не?

г) өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Абай қойып отырған әр сұрақтың үлкен мәні бар. Әр сұрақты ой түбінен тербеп толқытып, сыртқа шығарушы құбылыстың құдіреті де күшті. Абайдың ақындық дүниетанымына сай таразылағанда, мұның мәнісі "адамзаттың бәрін бауырым деп сүйю", "өзіне ойлағанды өзгеге де болса екен деп тілеу" туралы биік адамгершілік ұстаным арнасында анықталады. Осы мінездемелердің әрқайсысына берілген сипаттамаларда ақын антропологияның айрықша қырлары ашылады. Бұл орайдағы Бермеген құлға, қайтесің,

сөз, алдымен, жоғарыда көрсетілген бес мінездің соңғысынан басталады: а) әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады – ә) әрбір қайратсыз, қорқақ мақтанғыш келеді – б) әрбір мақтаншақ, қорқақ (қайратсыз) ақылсыз надан келеді – в) әрбір ақылсыз надан арсыз келеді – г) әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады. Ақын сипаттамасы "жалқаудан" басталғанымен, жоғарыда көрсетілген бес мінезді түгел қамтиды. Өйткені сол бес мінездің өзі бірімен-бірі сабақтасып, жалғасып, бірі екіншісіне ұласып жатыр. Осылайша сатылы түрде сабақтасып, бір деңгейден екінші деңгейге ұласып жатқан ойлар тағы бір деңгейге көтеріліп, түйінделеді: мұның бәрі "төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан". Айналып келгенде, алдымыздан "дүниеге бой алдырған» адамның бейнесі көрінеді. "Дүниеге бой алдырып", "төрт аяқты малды көбейту" жолына түсу – пенделік мақсаттың көрінісі. Бұл мақсат көңілге ыстық сезілгенмен, оның ақыры, салдары жақсы емес. Пайғамбар айтқандай, су жерді қалай көгертіп, масатыдай құлпыртатын болса, дүниеге, билікке құмарлық кісі бойында тойымсыздық пен тыйымсыздықты солай өсіріп, есіртеді (ат-Табарани).

Абай Әбдірахман өлімінен соң өзіне айтқан жұбатуы атты өлеңінде де тәубе сөзін қолданды:

Жұлынарлық, ерікті,
Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғаріптікке көз жетті.
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым,
Ажалын да беріпті.
Сақта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил жоқ,
Тәубе қылсақ керекті.
Кәркиден пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым
Берген құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім,
Тәубе қылсақ керек-ті.
Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты
Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты,
Меккеде уақып үй салып
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты
Ажал уақыты жеткен соң,
Соның да гүлі құрапты.
Қажыны алған бұл өлім,
Сабыр қылсақ, керек-ті [4, 65 б.].

Абай замандастарына мал табуға қарсы кеңес бермейді, керісінше ел азаматтарын "адам болып, мал табуға" үндейді. Сөйте тұра жалған мен бақиды естен шығармайды. Жалғанда дүниауи

тіршіліктің көзді арбаған қызығына құлай құмартып, ақыретті ұмытқан жанның жайы қандай аянышты болатыны Құранда, Пайғамбардың хадистерінде жеткілікті және түсінікті сипатталған. Абайдың

"әділеттік, арлылық, махаббат пен – үй жолдасың қабірден әрі өткенде", – деген ескертуінің мағынасында да үлкен мән бар. Пайғамбар адам баласының үш жолдасы барын айтқан екен:

а) біріншісі – жан шыққанша жолдас; ә) екіншісі – көрге кіргенше жолдас;

б) үшіншісі – қиямет-қайымға дейін жолдас. Адамға жаны шыққанша жолдас болатын – оның тіршілікте жинап-терген

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең
Немесе:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған
Болмаса:

Жылай-жырлай өлгенде,

Арттағыға сөз қалсын, [5, 85 б.] – дегенде, ақын осы сенімін жұбаныш еткендей күй танытады. Ақынның жанын ауыртып, жүрегін жаралайтын зіл – замандастарының «төрт аяқты малды көбейту» туралы мақсаты емес, сол мақсатқа жету үшін таңдап тапқан жолы, амал-айлалары, сөздері мен істері, мінездері: а) ұрлық; ә) алдау; б) зорлық; в) өтірік; г) өсек; д) жалақорлық; е) пәлеқорлық; ж) парақорлық, т.б. Абай – адамның мінезін түземекші болған адам. Бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат [6, 67 б.]. Алдына мұндай мақсат қою үшін кісінің жүрегінде Аллаға және адамзатқа деген шексіз Һәм шартсыз сүйіспеншілік болуы керек. Адамды адамның жек көруі, адамның адамға жат болуы, тіпті жау болуы қиын емес. Бір атым насыбайдан көңілі қалатын қазақ үшін өкпелеу де, шекісу де, кетісу

дүние-мүлкі. Көрге дейін жолдас болатын – адамның жақындары, туыстары. Адамға қиямет-қайымға дейін жолдас болатын – оның тіршілікте істеген игі істері (ат-Табарани). Абайдың "әділеттік, арлылық, махаббат пен – үй жолдасың қабірден әрі өткенде" деуінің негізінде Пайғамбар айтқан осы хадистің ғибраты барын аңғару қиын емес. Осы ойын ақын өзге жұртқа айтып қана қоймайды, өзінің ішкі сенімі ретінде ұстайды.

де оп-оңай. Бірдің емес, мыңның мінезін түзеуге, адал еңбек етудің орнына ауыз жарымас бірдеңе үшін біреуге телміріп көзін сатқан жанды, ұрлықпен, қулықпен, зорлықпен мал тауып жүрген сұмдар мен зұлымдарды жаман жолдан тыйып, ақ жолға салу, солардың жанын тазартып, ниетін ағарту жолында аянбай еңбек етуге, бейнет кешуге адамның асылы ғана тәуекел ете алады. Ақын асыл уақытын, өмірінің жаздай жанаған жемісті шағын осы мақсат жолында сарп етті. Өмірінің белгілі бір кезеңінде ақын елді, адамның мінезін түземекші кісінің қолында екі нәрсе болу керек деп білген: бірінші –бек зор өкімет, жарлық; екінші – есепсіз байлық. Ақын сол сеніммен ойы мен қолында барын аямай еңбек етті. Шексіз зор билік ешкімге бітпейді екен. Бойда бар білім мен қолда бар билікті қолдана отырып, бірдің мінезін түзеуге

болғанмен, мыңның мінезін түзеу мүмкін емес екен. Есепсіз байлық та болмайды екен. Қолға ұстаған, қораға қамаған байлықпен біреудің мінезін түзегенмен, мыңның мінезін түзеу мүмкін емес екен. Кейінірек ақын жұрттың мінезіндегі жамандықты жоюдың құралы ретінде сөзді таңдайды. Бұл таңдаудың да негізі тереңде. Осының бәрі – ақынның өз басынан жанын жандырып, жүрегін күйдіріп, өзегін өртеп өткен өмір тәжірибелерін пайымдаудан туған шешімдер. "Жасымда ғылым бар деп ескермедім" өлеңінде осындай шешімдердің бірінің терең тамыры көзге түседі. Екінші жағынан, өзінің өмір тәжірибелерін пайымдау, тану, бағалау барысында ақын халықтың дәстүрлі дүниетанымынан, Құраннан, Пайғамбардың хадистерінен тиянақ тапқан. Пайғамбар айтқан екен деседі: «Кісі жамандық көрсе, оны қолымен түзесін, оған әлі келмесе, сөзімен түзесін, оған әлі келмесе, жүрегімен түзесін» (Бұхари). Жамандықты қолмен түзеу үшін кісінде белгілі аумақта шексіз билік болуы керек. Басқаша айтқанда, жамандықты қолмен түзеуге қолында шексіз билігі бар әкімнің ғана мүмкіншілігі болмақ. Жамандықты сөзбен түзеу хакімдердің құзыретіндегі іс екен. Ал жамандықты жүрегімен түзеу қатардағы иманды жандарға тән болса керек. Абай осы шарттарды

келістіріп баяндап қана қоймайды, оларды өзінің әлі келгенінше орындайды. Сөзімен де, жүрегімен де. Қолымен түзеуге мүмкіншілігі шектеулі болды. Ақын шығармаларындағы білімсіздікке, надандыққа қарсы бағытталған сыншылдық ұстанымның негізінде, елін кемелдікке, толықтыққа шақырған асыл адамгершілік мұратының негізінде Құран аяттарындағы ақиқаттармен қатар Пайғамбар хадисіндегі осы қағидат жатыр деп білу орынды. Ақын өзінің заманынан, заманының адамынан көрген жамандықты қолымен, сөзімен, жүрегімен түзеуге бар саналы ғұмырын, ақыл-ойын, ақындық өнерін, шығармашылық еңбегін арнады. Бірақ "адамның мінезін", "заманды түземек" болған ақын «алыс-жақын қазақтың бәрін көргенде» де, бірлі-жарым болмаса, «сөзді ұғарлық саналы жан» таппай торықты. Сөйте тұра "көкірегі сезімді, тілі орамды жастардан" үміт етті. Адамзаттың бәрін бауырым деп сүю туралы қағидасынан, жүрегінің тереңіндегі әділет пен шапқаттан, рақымнан көз жазбады. Сондықтан Абай айтқан қағидаларды, тұжырымдарды, ойлар мен пікірлерді Абайдың имандай шыны, жан ақиқаты, жүрек сыры деп таныған парыз.

Әдебиеттер тізімі

1 Қ.Садыбаев, Ж.Сариева. Құран Кәрім. Қазақша аудармасы мен тәпсірі / ауд. – Алматы: Ғибрат, 2010. – 288б.

2 Abdina A., Abdildina H., Gappasova A., Kakimzhanova M., Ni D., Sadykova T. Foreign students Social adaptation to the education environment of a higher educational institution: by the example of S.Seifullin Kazakh Agro Technical University // Mediterranean journal of social sciences - September 2015. - Vol.6, No 5. P. 184-195

3 Абай. Энциклопедия. (Бас редактор Р.Н.Нұрғалиев). –Алматы: Атамұра, 1995. – 720б.

4 Құнанбайұлы Абай. Шығ. екі томдық толық жинағы. I -том. Алматы, Жазушы. 1995. – 65-66 б.

5 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығ. екі томдық толық жинағы. II-том. Алматы, Жазушы. 1995. – 85-86 б.

6 Ғарифолла Есім. Хакім Абай (даналық дүниетанымы). Алматы, Атамұра- Қазақстан, 2012. – 67-68 б.

Резюме

В статье рассматривается категория «Таубе» в мировоззрении Абая. Понятие «Таубе» по Абаю означает просить прощения у Всевышнего, покаяться в содеянном. Рассматривая философское понятие «Таубе» Абай определяет его как необходимость «сдерживания» сознания. А также он призывает любить всех как своих братьев. Анализируя философские понятия в трудах Абая, определено, что наряду с национальным языком он создал свой неповторимый стиль, который является неотъемлемой частью казахской философии.

Summary

The category «Taube» in Abays view is considered in the article. The notion «Taube» according to Abay means to ask forgiveness at God, repeat of their deeds. Considering the philosophical concept of "Taube" Abay defines it as the need for "deterrence" of consciousness. He encourages to love everyone as their brothers. Analyzing the philosophical concepts in the works of Abay, it is determined that in addition to the national language, he created his own style, which is an integral part of the Kazakh philosophy.